



КЕЛІСІЛГЕН:

Қарағанды облысы білім  
басқармасының Балқаш қаласы  
білім бөлімінің  
«Абай атындағы №2 мектеп-  
лицейі» КММ  
кәсіподақ төрайымы  
А.А.Толубекова 

« 1 » « 09 » 2023 ж.

БЕКІТЕМІН:

Қарағанды облысы білім  
басқармасының Балқаш қаласы  
білім бөлімінің  
«Абай атындағы №2 мектеп-  
лицейі» КММ  
директордың м.а.  
Ж.А. Шармуханбетова 

«    » «    » 2023 ж.

### Педагог-психолог

### Назерке Дарханқызы Амантаеваның лауазымдық нұсқаулығы

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексі, ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 және 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрықтары, лицей Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері, Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексі, ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 және 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрықтары, лицей Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері, “Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. “Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде жасалды.

1.2. Бұл лауазымдық нұсқаулық педагог-психологтың функциялық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындап, белгілейді.

1.3. Педагог – психолог бұл қызметке директор тарапынан қабылданады және босатылады.

1.4. Педагог – психолог тікелей директор мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.5. Біліктілік деңгейін арттыру бағытында жұмыс істейді.

1.6. Бір жылда 1 рет медициналық байқаудан өтеді.

1.7. Еңбек тәртібін сақтайды.

#### 2. Функциялар

2.1. 1-4-сынып оқушыларының психологиялық құбылыстарын зерттеу, сүйемелдеу жұмыстары;

2.2. Оқушының кәсіби тұрғыда тұлға ретінде қалыптасуы үшін психологиялық сүйемелдеу;

2.3. Мектеп жасындағы жеткіншектерге арнап, кәсіби бағдар тренингтерін өткізу;

- 2.5. Бағыт жүйесін өрістету бойынша ұсыныстар жазылған сараптаманың анықтамалар дайындау;
- 2.6. Діни экстримизмнің алдын алу;
- 2.7. Анықталған түрлі мәселелерді жою мақсатында профилактикалық, коррекциялық жұмыстар жүргізу;
- 2.8. Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық карта құру арқылы, бағдар беру;
- 2.9. Лицейдің жас мамандармен жүргізілетін сүйемелдеу жұмыстары;
- 2.10. Оқушыны психологиялық қолдауда ата-аналармен үнемі байланыста болу;
- 2.11. Дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсету;
- 2.12. Ұжым арасында этикалық нормаларды сақтау және этикалық нормаларға жатпайтын әрекеттерге бармау.
- 2.18. Психопрофилактикалық шараларды жүргізу;
- 2.19. Ұйымдық-әдістемелік жұмыстарды (мектептің ӘБ, ПМП консилиумының жұмысына қатысу, диагностикалау, түзету және дамыту бағдарламаларын әзірлеу, біліктілігін арттыру) жүзеге асыру;
- 2.20. Психологиялық-педагогикалық мониторингілеуді жүзеге асыру;
- 2.21. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу;
- 2.22. Кәсіптік мәселелербалалардың мүддесін қорғай, олардың толық құнды психикалық даму міндеттеріне сәйкес шешу;
- 2.23. Кәсіптік құпияны сақтау, құпиялылық талаптарын сақтау;
- 2.24. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен қамтамасыз ету;
- 2.25.Тұлға үшін психологиялық жайлы және қауіпсіз орта құруға, мектептегі оқубілім беру үдерісі кезіндегі гуманистік, өнегелі қарым-қатынастың орнауына көмектесу;
- 2.26. Диагностикалаудың, дамыту, психопрофилактикалық және психотүзету жұмыстарының сенімді, ғылыми негізделген тәсілдерін қолдану;
- 2.27. Даму мүмкіндіктері шектеулі және мектептік бейімделмеу «қатер тобының» балаларын анықтау бойынша жұмыс жүргізу ;
- 2.28. Диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша оқушылармен жүретін түзете дамыту жұмысының мазмұнын анықтау және оқудың барлық кезеңі бойы жеке тәсілдемемен қамтамасыз ету үшін психологиялық тұжырымдама жасау;
- 2.29. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім берудің жеке бағдарламалары мен дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;
- 2.30. Баланың мүмкіндігі мен қажеттілігіне (эмоциялық тұлғалық аясының дамуы және оның кемшіліктерін түзету, танымдық әрекетін дамыту және жоғары психикалық атқарымдарын қалыптастыру, әрекеттенуін және тәртібін, коммуникативтік дағдыларын ерікті реттеуді қалыптастыру) сәйкес психологиялық тұжырымдаманың негізінде жекеше және топтық түзімдегі түзете дамыту жұмысын жүзеге асыру;
- 2.31.Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениеттілігін қалыптастыру;
- 2.32. Психологиялық жайлылықпен қамтамасыз ету, педагогтардың оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістемелерін ендіру кезінде балалардың жеке және жас шамасының ерекшеліктерін есепке алу
- 2.33. Мектеп және отбасы жағдайындағы оқушының тұлғасының психологиялық даму ерекшеліктері мен міндеттері бойынша педагогтармен, мамандармен, ата-аналармен және білім беру ұйымдарымен серіктестікке тартылған тұлғалармен сабақаттылық жұмысын жүргізу;
- 2.34. Қатысу: - қаладағы педагогтар-психологтардың әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстарына және басқа түрдегі әдістемелік жұмыстарға;
- Педагогикалық кеңестердің, психологиялық-медициналық педагогикалық консилиум отырысына.
- 2.35. Психологиялық диагностикалау, түзете дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған көрнекі құралдар мен материалдардың болуы;
- 2.36. Жұмыстардың барлық түрін тіркеу және қажетті құжаттамаларды қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау қызметін

тексеру нәтижелерін бейнелейтін, қабылданған нобай бойынша жылдық аналитикалық-статистикалық есеп беру;

2.37. Өзінің кәсіптік біліктілігін үнемі арттыру.

2.38. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады

2.39. бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден (бұдан әрі - білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы оқушыларды оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау;

2.40. Оқушыларға жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

2.41. оқушылармен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

2.42. әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

### **3. Лауазымдық міндеттері**

3.1. Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

3.2. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі.

3.3. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басын дамытуға кедергі келтіретін факторларды анықтайды және әртүрлі психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оңалту және консультативтік).

3.4. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.

3.5. Әр түрлі бейіндегі және арналуындағы психологиялық диагностика жүргізеді.

3.6. Оқытушылар ұжымын, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелерінде бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды.

3.7. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді.

3.8. Инклюзивті білім беру қағидасын дамытады.

3.9. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында киберкультура мен кибергигиенаны дамытады.

3.10. Оқушылардың жеке және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда бағдарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде дайындығын дамытуға ықпал етеді

3.11. Дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі.

3.12. Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагностика жасайды, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді.

3.13. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады.

3.14. Білім беру ұйымының қызметкерлеріне білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, оқушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша кеңес береді.

3.15. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің, ата-аналар жиналыстарының, педагогикалық консилиум, сауықтыру, тәрбие және басқа да іс-шаралардың жұмысына қатысады.

3.16. Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

3.17. Буллинг, суицидтің алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

3.18. Білім беру процесі кезінде оқушылардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

3.19. Қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

3.20. Білім беру ұйымдарында барлық білім беру процессіне субъектілердің қатысуымен "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын енгізеді, оның ішінде отбасылар балалар.

3.21. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

3.22. Оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

3.23. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

3.24. Педагог-психологтың немесе әлеуметтік педагогтың көмегіне мұқтаждық білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың бағалауымен анықталады.

3.25. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру кеңесінің шешімімен мінез-құлқында жеңіл ақаулары бар және сабақта бейімделуінде қиындықтары бар оқушыларға көмек көрсету.

#### 4. Құқықтары

4.1. Білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысының бағытын анықтау, жұмыстың түрі мен тәсілін таңдау, жұмыстың әр түрлі түрлерін өткізудің кезегі туралы мәселені шешу, белгілі бір кезең үшін жұмыстың басымдылығы жоғары бағытын ерекшелеу;

4.2. Ведомстводан тыс мекемелерге бекітілген форма бойынша сауалдар жіберу, қажетті құжаттамалармен танысу. Мектеп атынан диагностикалық және түзете дамыту бағытында жұмыс істейтін тұлғалармен, ұйымдармен іскерлік қатынасқа түсу;

4.3. Балалардың сөйлеу тілдік дамуларының деңгейін, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтауға байланысты оқушыларды тексеру;

4.4. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану;

4.5. Қатысу құқығы: - мектеп-лицейінің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеуге және жоспарлауға; - сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің

атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге; - логопед мұғалімдердің қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға;

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану;

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу;

4.8. Қатысу құқығы: - мектептің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеу, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеу және жоспарлау; - жергілікті нормативтік құжаттарды) әзірлеу; - педагог-психологтардың қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысу;

4.9. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану;

4.10. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

## 5. Жауапкершілігі

5.1. Педагог-психолог мына жұмыстарға жауапты болады:

- тәрбиелеу-оқыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға;

- баланың құқығы мен еркіндігінің бұзылғандығы үшін;

- түзете білім беру үдерісін жүргізу кезінде баланың өмірі мен денсаулығы үшін;

- тексеру кезінде алынған материалдар мен мәліметтердің құпиялылығын сақтау;

- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмендеуі үшін;

- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;


- оқу жоспарына және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес түзете білім беру бағдарламасын толық көлемде жүзеге асырылмағаны үшін.

5.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға, протекционизмге, непотизмге және жақын туыстарына тікелей бағынуға жағдай жасаудың жол берілмеуі туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауға;

5.3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 15-бабы 1-тармағының 10-тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және жоғары тұрған басшылыққа кәметке толмағандардың немесе оларға қарсы заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) фактілері туралы қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіби қызметке байланысты оған белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

5.4.«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне» сәйкес білім беру ұйымдарындағы заңсыз миссионерлік қызметі үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

  
« 1 » « 09 » 2023 ж.